



Автор: Өтемісова Арайгүл Өтеміс қызы

Пән: Биология

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Өсу және даму

Тақырып: Өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.2.1.2. Өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін біледі. Оқушылардың басым бөлігі: Өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстырады. Кейбір оқушылар: Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін тәжірибеде қолданудың маңызын ажыратады
Тілдік мақсаттар:	Термин сөздермен жұмыс: телу, қалемшелер, өркенатпалар, телінуші, телітуші Негізгі сөздер мен тіркестер:.. түрі өзгерген өркендер, вегетативті көбею, сұлатпа өркендер Талқылауға арналған тармақтар: Телу-..... арқылы қарақат, тұшала, жүзімді көбейтеді Вегетативті көбею дегеніміз
Күтілетін нәтиже:	Өсімдіктердің көбею тәсілдерін біле алады Өсімдіктердің көбею тәсілдерінің түрлерін салыстыра алады Өсімді жолмен көбеюдің маңызын анықтай алады
Бағалау критерийлері:	Өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыра алады
Құндылықтарды дарыту:	Топтық жұмыс арқылы ынтымақтастық орта қалыптастыру. Өсімдіктің өсімді көбею тәсілдерінің маңызын анықтай отырып, қазіргі таңдағы еліміздегі селекция саласында кеңінен қолданатын тәсілдер екенін түсіне алады. Бақшалықта пайдаланатын өсімді тәсілдерді талдау арқылы еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Таныстырылым
Пәнаралық байланыс:	биология, экология, селекция
Бастапқы білім:	Тірі ағзаларға тән үдерістерді, соның ішінде көбею процесін біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу. Жақсы көңіл күй қалыптастыру. Сабақтың мақсатымен таныстыру. Өткен сабаққа қатысты ұрықтану, спора, көбею ұғымдары арқылы топқа бөлу. «Шындық немесе жалған» әдісі Өткен материалды қайталау мақсатында оқушыларға «шындық» немесе «жалған» деп жауап берілу арқылы көбею оның түрлеріне тоқталу 1.Организмдердің көбею формасының негізгі екі түрі белгілі — жынысты және жыныссыз (шындық) 2. Өсімдіктерде жыныссыз көбею тұқым деп аталатын бір ғана жасушаның көмегімен жүзеге асады.(жалған) 3. Қиярда, жүгеріде, қайыңда, қандағашта аналық және аталық гүлдер бір өсімдікте болады. Оларды екіүйлі өсімдіктер дейді (жалған) 4.Мүктәрізділер, қырықжапырақтар, плаундар, қырықбуындарды споралы өсімдіктер деп атайды 5.Өсімдіктерде жыныссыз көбеюдің басқа тәсілі жапырақ, тамыр, сабақ арқылы жүзеге асатын — вегетативті көбею (шындық) ФБ.Осыдан кейін қолшапалақтау арқылы жауап берген оқушыларға қолдау көрсетіледі Миға шабуыл. Оқушыларға күнделікті өмірмен байланыстырып сұрақ қою. Үйде бау – бақшаны егу кезінде пияз бен картопты тұқымсыз қалай егуге болады? ФБ. Мадақтау арқылы қолдау көрсету	Ұғымдар жазылған қиықшалар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	С.Ұғыммен жұмыс. Жаңа сабақ бойынша негізгі ұғымдардың ағылшынжәне орыс тіліндегі аудармасымен жұмыс. Оқушылар бірге қайталап танысып шығады. Қалемше – отросток -graft Телу – прививка –inoculate Өсімді көбею – вегетативное размножение -vegetal reproduction Пиязшық – луковица-bulb Түйнек – клубни -tubers Тамырсабақ – корневище- rhizome ФБ. Шапалақтау арқылы бір – біріне қолдау көрсету Тж. Топтарға бірлесіп талқылауға тапсырмалар беріледі 1 топ. Өсімдіктердегі өсімді көбею тәсілдері (Ассоциация әдісі арқылы талқылау) 2 топ. Өсімді көбею тәсілдерінің ерекшеліктері (Семантикалық карта арқылы талдау) 3 топ. Бақшалықта вегетативті көбеюдің маңызы («5 қадам, 5 дәлел» арқылы мысалдармен дәлелдеу) (ҚБ) Топтар өзара «басбармақ» әдісі арқылы бірін-бірі бағалайды, ал мұғалім әр топты «екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі арқылы бағалайды «Басбармақ» әдісі. Егер басбармақ жоғары қарай бағытталса, топтық жұмыс өте жақсы, орташа деңгейде орналасса жақсы, төмен қарай орналасса орташа деңгейде болғаны. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» топтық жұмыстың әрқайсысына екі жақсы жағын және бір ұсыныс айтылады. (Ж) (ҚБ)Тапсырмалар Тапсырма№1 а) Өсімдіктің көбею түрлерін анықтаңыз (b) Өсімдіктердің өсімді көбеюінің табиғаттағы биологиялық маңызын сипаттаңыз Бағалау критерийі Білім алушы - Өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдеріне мысал келтіреді. - Өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстырады Дескриптор Білім алушы - өсімдіктің көбею түрлерін анықтайды; - өсімдіктердің өсімді көбеюінің табиғаттағы биологиялық маңызын сипаттайды; КБ топта оқушылар сағат тілінің бағытымен бірін –бірі дескрипторларға құс белгісін қою арқылы бағалайды. Тапсырма №2 Төменде берілген өсімдіктердің өсімді көбеюдің қай түрі екенін ажыратыңыз, ерекшеліктерін салыстырыңыз Өсімді атауы Өсімді көбею тәсілі Ерекшеліктері Картоп Таңқурай Традесканция Бағалау критерийі: Өсімдіктердің көбею тәсілдерін салыстырады Дескриптор Білім алушы - өсімдіктің көбею түрлерін ажыратады; - өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерінің ерекшеліктерін салыстырады . КБ бойынша топта оқушылар сағат тілінің бағытымен бірін –бірі дескрипторларға құс белгісін қою арқылы бағалайды. Тапсырма №3. Зертханалық жұмыс. «Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері». Ж. а) Бидайдың, інжугул, құртқақаш өсімдіктерінің кеппешөптерінен тамырсабақтың жапырақ қабыршағын, бүршіктерін, қосалқы тамырларын табу, тамырсабақты тамырмен салыстырып, суретін салу. б) Түрі өзгерген жер асты өркен, түйнек, пиязшықтық ортасынан қақ жарып, өркенге тән негізгі бөліктерін, сыртқы, ішкі қабыршақтарының ерекшеліктерін зерттеу. Олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары, қызметі мен маңызы, өркенге жатқызылу себебі туралы жазу. Бағалау критерийі: Өсімдіктердің тамырсабақтары мен түрі өзгерген өркендердің құрылысын, тамыр мен тамырсабақтың айырмашылығын зерттейді. Дескриптор Білім алушы - кеппешөптерден тамырсабақтың жапырақ қабыршағын, бүршіктерін, қосалқы тамырларын табады; - тамыр мен тамырсабақты салыстырып, суретін салады; - түрі өзгерген өркендерді анықтайды, салыстырады және олардың маңызын саралайды, жинақтайды. КБ оқушы дескрипторларға құс белгісін қою арқылы өзін-өзі бағалайды.	Оқулық. Е. А. Очкур, Ж. Ж. Құрманғалиева, Биология. 2017 жыл. Таныстырылым «Өсімдіктің өсімді көбею тәсілдері» Қалыптастырушы бағалауға арналған жинағы. Биология 7 сынып. Тапсырмалары бар үлестірме парақшалары Биология пәнінен 6-11 сыныптарға арналған зертханалық жұмыстардың өткізілу әдістемесі. Дарибаева Т.О., БҚОБМДЖОТЖКББҰООӘК химия, биология, география пәндерінің әдіскері Кажғалиева С.Ж.,Орал қаласы ҚББ бөлімінің әдіскері, жоғары санатты биология пәні мұғалімі Дудина А.Г., Орал қаласы №16 ЖОБМ биология пәні мұғалімі Қошқарбаева Г.С., Орал қаласы №1 ЖОБМ биология пәні мұғалімі. 2013ж Зертханалық жұмысқа арналған кеппешөптер, пияз, картоп, қажетті құралдар
Сабақтың соңы	(Тж) «Мағыналы үштік» әдісі арқылы әрбір топ тақырыпты қорытындылайды. Бүгінгі сабақтағы үш термин сөз, анықтамасымен бірге. Бүгінгі тақырыптың негізгі мағынасын ашатын үш негізгі сөйлем. ҚБ «Бағдаршам» топтар өзара бірін – бірі бағалайды	
Рефлексия	(Ж) Рефлексия. Жөлсөмке, еттартқыш, қоқыс жәшігі суреттері арқылы рефлексия жүреді. Егер оқушы бүгінгі сабақтан көптеген мағлұматтарды алып, сабаққа жақсы араласып отырса, барлығы түсінікті болса – «жөлсөмке» суретін таңдайды және себебін түсіндіреді. Егер оқушы бүгінгі сабақтан көп мағлұмат алды, бірақ сол алған деректерін одан әрі үйден қорытып толықтыратын болса – «еттартқыш» суретін таңдайды және себебін түсіндіреді. Егер бүгінгі сабақтан ештеңе ала алмаса, сабаққа дұрыс араласпай отырған болса – «қоқыс жәшігін таңдайды»	Рефлексия парағы